

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 289 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "A.Schuke", "Steinway&Sohn", "Seiler", "Yamaha", "Petrof" және "Salvi" фирмалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы" мемлекеттік мекемесі үшін оларды сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар музыкалық аспапты (орган) күрделі жөндеу жөніндегі тауарларды (музыкалық аспаптарды), жұмыстар мен қызметтерді беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғалармен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасуды;

осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны ұтымды және тиімді жұмсау қ а ғ и д а т ы н с а қ т а у д ы ;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі